



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



**Бекітілді**

«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау  
университеті» КеАҚ Директорлар  
кеңесінің шешімімен

№ 4 хаттама, 22 желтоқсан 2020 ж.

**«ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КеАҚ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Атырау 2020 ж.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы №1266 Қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1183 Қаулысына, "Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысына сәйкес әзірленді және Қоғам Басқармасы мүшелерінің мәртебесін, сайлау тәртібін, біліктілік талаптарын, Қоғам Басқармасы отырыстарының регламенттерін және Басқарма төрағасы мен мүшелерінің құзіреті мен жауапкершілігін айқындайды.

1.2. Басқарма өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, Қоғам Жарғысына және ішкі құжаттарына, соның ішінде осы Ережеге, Директорлар кеңесі мен жалғыз акционер – Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі (әрі қарай – Жалғыз акционер) шешімдеріне жүгінеді.

1.3. Қоғамның ағымдағы қызметін Қоғамның атқарушы органы – Басқарма (ректорат) жүзеге асырады.

1.4. Басқарма Төраға-ректор басқаратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

1.5. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен басқа органдармен Қоғамның лауазымды тұлғаларына тиесілі етілген қызметтерден басқа кезкелген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

## 2. БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ

2.1. Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін айқындау, басқарма мүшелерін (Басқарма Төрағасы – ректорын, сондай-ақ Басқарманың академиялық мәселелер бойынша мүшесін қоспағанда) сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Басқарма мүшелеріне лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйақы беру шарттарын айқындау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі-директорлар кеңесі) шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2.2. Басқарма құрамына Басқарма Төрағасы- ректоры, проректорлар, бас бухгалтер, сонымен қатар Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның басқа да қызметкерлері кіреді.

2.3. Қоғам Басқармасын Басқарма Төрағасы-ректор басқарады.

2.4. Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан тұруы керек.

2.5. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істей алады. Басқарма Төрағасы атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның қызметін жеке жүзеге асыратын басшылық лауазымды атқаруына болмайды.

## 3. БАСҚАРМА МҮШЕСІНІҢ БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

3.1. Басқарма мүшелігіне үміткерлер кәсіби тәжірибеге, білімге және іскерлік беделге, Басқарма жұмысына өз үлесін қосу қабілетіне және ортақ мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмыс істеу ниетіне ие болуы тиіс.


3.2. Келесі тұлғалар Басқарма мүшесі бола алмайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) бұрын жемқорлық қылмыс жасаған;

3) бұрын мәжбүрлеп тарату, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу, консервациялау немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлға.



 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАК	Бірінші басылым
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАК Басқармасы туралы ереже	3 бет 9-дан

Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тарату, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу, консервациялау немесе банкрот деп тану туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады;

4) Жеке меншік құқыққа қарсы, Экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыс жасауда сот кінәлі деп таныған, сондай-ақ аталған қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған тұлға. Көрсетілген талап сотталғандығы заңнамада белгіленген тәртіппен өтелген не алып тасталған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап бес жыл бойы қолданылады.

#### **4. БАСҚАРМА МӘРТЕБЕСІ, ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ**

4.1. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасайтын алқалы орган болып табылады.

4.2. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен, Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ еңбек шарттарымен белгіленеді. Еңбек шарттарында Тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі және басқа да елеулі талаптар, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің қоғамды корпоративтік басқару саласындағы заңнама нормаларын сақтау жөніндегі міндеттемесі қамтылуы тиіс.

4.3. Басқарма мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауға және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдалануы тиіс.

4.4. Басқарма мүшелерінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келетін қоғам мүлкін пайдалануға немесе пайдалануға жол беруге құқығы жоқ.

4.5. Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашуды және ұсынуды бақылайды, өздеріне сеніп тапсырылатын немесе жұмыс процесінде белгілі болатын коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын, өздеріне белгілі болған кез келген мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

4.6. Жұмысқа орналасу кезінде Басқарма мүшесі коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемеге қол қоюы міндетті. Осы міндеттеме Басқарма мүшесінің қоғаммен еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады.

4.7. Егер Басқарма мүшесі Қоғамның қандай да бір мәміле жасасуына мүдделі болған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты Басқарма төрағасының және директорлар Кеңесінің назарына жеткізуге міндетті.

4.8. Басқарма мүшелері залалдың алдын алу, басқарма отырысын шақыруға бастамашылық ету жолымен қоғам қызметін оңтайландыру, басқарма төрағасын хабардар ету үшін немесе өзге де қолжетімді тәсілмен қажетті шаралар қабылдауға міндетті. Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасын өздері жетекшілік ететін мәселелер аясында істердің жай-күйі туралы хабардар етеді.

4.9. Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөлуді Басқарма төрағасы әрқайсының тәжірибесі мен біліктілігіне сүйене отырып, тиісті бұйрықты қабылдау арқылы жүзеге асырады.

4.10. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерін орындауға міндетті.

4.11. Басқарма Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды



тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, соның ішінде:

- 1) қоғамның штат санын әзірлейді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;
- 2) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді;
- 3) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, бірақ Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын құжаттарды бекітеді;
- 4) Қоғамның даму жоспарын және оның орындалуы туралы есептерді әзірлейді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;
- 5) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- 6) Қоғамға тиесілі барлық активтердің он пайызына дейін құрайтын сомада активтердің бір бөлігін және бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы шешімдер қабылдайды;
- 7) Ғылыми кеңестің шешімі негізінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын бекітеді;
- 8) Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- 9) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын өз бетінше тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан төмен емес деңгейде айқындау жатады.

4.12. Басқарма өздеріне жүктелген қызметтерді орындау кезінде Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

## 5. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҚҰЗІРЕТІ

5.1. Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды Басқарма Төрағасы-Қоғам ректоры жүзеге асырады. Басқарма төрағасы-Қоғам ректоры Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды, қолданыстағы заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

5.2. Қоғам атынан Басқарма Төрағасы – Қоғам ректорымен жасалған еңбек шартына Жалғыз акционер қол қояды.

5.2. Басқарма Төрағасы-Қоғам ректоры Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне, мүліктің сақталуына және қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

5.3. Басқарма Төрағасы-Қоғам ректоры қоғам қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес шешеді.

5.4. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында Басқарма төрағасы:

- 1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;;
- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғам қызметкерлерімен және Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің



қызметкерлерімен, корпоративтік хатшымен Қоғам атынан Еңбек және басқа да шарттар жасасады, өзгертеді және бұзады.

5) Қоғамның атқарушы органының, Корпоративтік хатшысының және Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғамның қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

6) филиалдар мен өкілдіктердің басшыларын тағайындайды, сондай-ақ оларды атқаратын қызметінен босатады;

7) Қоғамның атқарушы органының, Корпоративтік хатшысының және Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының, дербес үстемеақылар мен үстемақылардың мөлшерін және материалдық көмек көрсету тәртібін белгілейді, Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақылар мөлшерін айқындайды;

8) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

9) атқарушы орган мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;

10) қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

11) қоғам жұмысының ағымдағы және перспективалық жоспарларының орындалуын қамтамасыз етеді;

12) Жалғыз акционердің алдында қоғамның жұмысы үшін жауапты болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесі алдында есеп береді;

14) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;

15) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қоғамның филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерден басқа Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

16) Басқарма отырыстарын шақырады және қажетті материалдарды қарауға ұсынады;

17) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекітеді;

18) Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

19) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмысқа дербес жауапты болады;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына және еңбек шартына сәйкес Қоғам жүргізетін Ақпараттық қауіпсіздік саясатына, қызметтік және өзге құпия болып табылатын мәліметтерді таратпауға дербес жауапты болады;

21) Жалғыз акционердің және Қоғамның директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

22) атқарылған жұмыс туралы халық алдында есеп беру кездесулерін өткізеді;

23) жыл сайын Стратегиялық жоспар және Даму жоспары бойынша басқару органдарының алдында есеп береді, сондай-ақ оқу жылы аяқталғаннан кейін жұртшылықпен, оның ішінде ата-аналармен, білім алушылармен, жұмыс берушілермен, ғылыми-педагогикалық жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен білім беру, ғылыми-зерттеу және тәрбие қызметі мәселелері бойынша, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсау, бюджеттен тыс қаражатты тарту және жұмсау және қаржы-шаруашылық қызмет бойынша есеп беру кездесулерін өткізеді;

24) Ұлттық білім беру деректер базасымен интеграцияланған білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын,



оқығудың кредиттік технологиясын қамтамасыз студің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын жоғары технологиялық, ақпараттық-білім беру ортасы), Интернетке кең жолақты және жоғары жылдамдықты колжетімділігі бар тармақталған компьютерлік желінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

25) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен әкімшілік деректер нысандарын толтырудың толықтығы, дұрыстығы және уақтылығы үшін жауапты болады.

5.5. Басқарма төрағасының шешімі бойынша Басқарма мүшелеріне белгіленген тәртіппен оның қандай да бір өкілеттігі берілуі мүмкін.

## **6. БАСҚАРМА ОТЫРЫСЫ, ОНЫҢ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ**

6.1. Басқарма отырыстары айына кемінде бір рет шақырылады.

6.2. Басқарманың шешімдері қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма Төрағасы – Қоғам ректоры дауыс берген шешім қабылданады. Басқарманың отырысы, егер оған басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 қатысса, жарамды деп есептеледі.

6.3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру, отырысты шақыру, дайындау, өткізу және шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның Жарғысында айқындалады.

6.4. Басқарма отырысының Басқарма төрағасы өз бастамасы бойынша немесе Басқарма мүшесінің өтініші бойынша шақыруы мүмкін.

6.5. Басқарма отырысына материалдарды тарату Басқарма мүшелерінің электрондық мекенжайларына электрондық байланыс арқылы жүзеге асырылады.

Алдағы отырыс туралы хабарламалар және сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер міндетті түрде қағаз жеткізгішпен де жіберіледі.

6.6. Егер Басқарма мүшесі отырысқа келе алмаған жағдайда, ол Басқармаға қаралатын мәселелер бойынша осы Ереженің 2-қосымшасында келтірілген нысан бойынша ресімделген өзінің жазбаша пікірін ұсынуға құқылы.

Жазбаша пікір кворумды растау кезінде және отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша (дауыс берудің аралас нысаны) дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі, олар бойынша Басқарма мүшесінің дауыс беру нәтижелері қамтылады.

Басқарма мүшесі отырысқа бейне байланыс арқылы қатысуға құқылы. Басқарманың мұндай мүшесінің дауыс беруі хатшы дайындаған сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді толтыру және оған қол қою арқылы жүзеге асырылады, ол көзбе-көз отырыс хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылады. Мұндай қатысу жағдайында Басқарма мүшесі отырысқа келген болып есептеледі.


6.7. Сырттай дауыс беру рәсімі пайдаланылған жағдайда хабарламаға және күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдарға осы Ереженің 1-қосымшасында келтірілген нысан бойынша жасалған сырттай дауыс беруге арналған бюллетень қоса беріледі.

6.8. Басқарма хатшысы тікелей отырыс хаттамасының жобасын дайындайды. Бұл хаттама отырыс өткізілген күннен бастап 1 (бір) күннен кешіктірілмей осы Ереженің 3 және 4-қосымшаларында келтірілген нысандар бойынша жасалады.

6.9. Отырыс хаттамасына Басқарма төрағасы және басқарманың отырысқа қатысып отырған барлық мүшелері қол қоюға тиісті және онда дауысқа қойылған мәселелер, басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі, дауыс беру қорытындысы көрсетіледі.

6.10. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.



 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ	Бірінші басылым
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ Басқармасы туралы ереже	7 бет 9-дан

## 7. БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Басқарма мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді Қоғамның және Жалғыз акционердің мүдделерін барынша айқын көрсететін тәсілдерді пайдалана отырып, адал, парасатты, әділ орындайды.

7.2. Басқарма мүшесінің өзге де функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ еңбек шартымен айқындалады. Басқарма мүшелерімен еңбек шартына Басқарма Төрағасы – Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Қоғам ректоры қол қояды.

7.3. Басқарма Мүшесі директорлар Кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

7.4. Басқарма мүшелері жауапты:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін Басқарма құзыретіне жататын бөлігінде орындамау;

2) өздерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша қабылданатын шешімдердің салдарлары болып табылады;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзінің қасақана әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян, оның ішінде: жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу нәтижесінде келтірілген залалдар үшін келтірілген зиян келтірілуге тиіс.

7.5. Қоғам Жалғыз акционердің немесе Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне олардың қоғамға келтірген зиянын не залалын өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

7.6. Басқарма төрағасы осы Ережеге, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Еңбек шартына және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді сапалы және уақтылы орындау үшін белгіленген тәртіппен дербес жауапты болады.

7.7. Басқарма мүшелері белгіленген тәртіппен еңбек шарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға жүктелген функциялардың сапасы мен уақтылы орындалуы үшін дербес жауапты болады.

7.8. Еңбек тәртібін бұзғаны, лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Басқарма мүшелеріне белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін.

7.9. Басқарма мүшелерінің өздеріне жүктелген міндеттерді орындамауын және/немесе тиісінше орындамауын Директорлар кеңесі бір жыл ішіндегі қызмет қорытындылары бойынша сыйақы төлеу туралы шешім қабылдаған кезде ескереді.

7.10. Басқарма мүшелерінің материалдық жауапкершілігі және олар келтірген зиянды (ол болған кезде) өтеу тәртібі, сондай-ақ тәртіптік жаза қолдану жөніндегі рәсімдер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.11. Атқарушы орган - Басқарма мүшелері:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді қоғамның мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдалана отырып, адал орындайды;

2) қоғамның мүлкін жеке мақсатта пайдаланбауға немесе оны Қоғамның Жарғысына және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға жол бермеуге тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізе отырып, қаржылық есептіліктің бухгалтерлік есеп жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және берілуін бақылайды;



7) Егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде қоғамдағы жұмыс тоқтатылған кезден бастап үш жыл ішінде сақтайды.

7.12. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

- әрқашан өз өкілеттіктері шегінде әрекет етуге және осындай өкілеттіктерді олар берілген мақсаттарда ғана пайдалануға тиіс;
- акционерлік қоғаммен және акционерлермен, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалармен мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін іс-әрекеттерден аулақ болу керек.
- үшінші тұлғалардан олардың акционерлік қоғамды басқарудағы рөліне байланысты ұсынылатын мүліктік (мүліктік емес) игіліктерді қабылдамауға тиіс;
- өз өкілеттіктері мен функцияларын адал және мұқият орындауға міндетті.

## 8. БАСҚАРМА ХАТШЫСЫ

8.1. Басқарма хатшысы Басқарма жұмысын құжаттамалық қамтамасыз етуге жауапты тұлға болып табылады.

8.2. Басқарма хатшысының қызметін (дауыс беру құқығынсыз) Басқарма төрағасының бұйрығы бойынша Қоғам қызметкері жүзеге асырады. Басқарма хатшысы уақытша болмаған жағдайда оның міндеттерін атқару Басқарма төрағасының бұйрығымен Қоғам қызметкерлері қатарынан басқа адамға жүктеледі.

8.3. Басқарма хатшысының Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес коммерциялық және қызметтік құпияны, сондай-ақ өзге де құпия ақпаратты құрайтын мәліметтерді жария етуге құқығы жоқ.

8.4. Басқарма хатшысының қоғам туралы қолжетімділігі шектеулі, бірақ өзіне қолжетімді ақпаратты жеке мақсаттарда пайдалануға құқығы жоқ.

8.5. Басқарма хатшысы Басқарма отырыстарының хаттамасының дұрыс жасалуына және хаттамадан үзінді көшірмелерінің дұрыстығына жауапты болады.

## 9. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК АҚЫСЫ МЕН СЫЙАҚЫ БЕРУ ШАРТТАРЫ

9.1. Қоғамның басшы қызметкерлеріне келесілер жатады:

- 1) бірінші басшы (Басқарма Төрағасы-Ректор);
- 2) басшының орынбасары;
- 3) атқарушы органның (Басқарма) мүшесі.

9.2. Басқарма Төрағасы – ректордың және Басқарма мүшелерінің жалақы төлеу және сыйақы беру ағымдағы қаржы жылына арналған Қоғамды дамыту жоспарында еңбекақы төлеуге көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

9.3. Басқарма Төрағасы – ректордың және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының және еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттарының мөлшері Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалады.

9.4. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басшы қызметкерлердің өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға мүдделілігін күшейту үшін жылдық сыйақы төлеу жүргізіледі. Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша сыйақының ең жоғары мөлшері Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақының 6 еселенген мөлшерінен аспауы мүмкін.


9.5. Басшы қызметкерлерге жылдық сыйақылар аудиттелген қаржылық есептілік негізінде Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін қаржы жылының нәтижелері бойынша төленеді.

9.6. Сыйлықақылар келесі жағдайларда төленбейді:

- жойылмаған тәртіптік жазасы бар болса;





 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ	Бірінші басылым
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ Басқармасы туралы ереже	9 бет 9-дан

- жалақысы сақталмайтын демалыста 1 айдан артық болған жағдайда;  
- жүктілігі және босануы бойынша демалыста болған жағдайда, есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыдан басқа жұмыс істеген уақытына пропорционалды түрде;

- Қоғамда 1 айдан аз жұмыс істеген жағдайда.

9.7. Қоғам Басқармасының Төрағасы-ректорына және Басқарма мүшелеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жыл ішінде бір рет бір лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

9.8. Қоғам Басқармасының төрағасы-ректорына және Басқарма мүшелеріне Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген мөлшерде қосымша төлемдер, кепілдіктер мен өтемақы төлемдері, сондай-ақ қоғам қаражаты есебінен ерікті медициналық сақтандыру (қоғамда тиісті әлеуметтік пакет болған кезде) жүзеге асырылады.

9.9. Басқарма Төрағасы-Қоғам ректоры мен Басқарма мүшелеріне белгіленген тәртіпте қоғам қаражаты есебінен мынадай жағдайларда материалдық көмек қарастырылған:

1) бала тууға/бала асырап алуға байланысты - біржолғы төлеммен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген 100 АЕК-тен аспайтын мөлшерде;

2) қызметкердің қайтыс болуына байланысты: 400 АЕК-тен аспайтын мөлшерде отбасы мүшелерінің біріне немесе ондай болмаған жағдайда жерлеуді ұйымдастыруды өзіне алған адамға біржолғы төлеммен;

3) жұбайының (зайыбының) немесе олардың жақын туыстарының (ата – аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілерінің (қарындастарының) қайтыс болуына байланысты-300 АЕК-тен аспайтын мөлшерде;

4) некеге тұруына байланысты-50 АЕК-тен аспайтын мөлшерде;

9.10. Басқарма мүшелеріне материалдық көмек көрсету растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтініш негізінде жүргізіледі.

9.1. Гранттық және/немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыруға басшы қызметкердің қатысуы кезінде осы жобалар бойынша еңбекақы төлеу колданыстағы нормативтік актілерге сәйкес жеке жүзеге асырылады.

## 10. АУДИТ ПЕН ЕСЕПТІЛІК

10.1. Басқарма Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің жыл сайынғы аудитін жүргізуді, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен және мерзімдерде уақтылы жариялануын қамтамасыз етеді.

10.2. Басқарма Директорлар кеңесінің отырысында Қоғамның қызметі туралы есептерді дайындауды және қарауды қамтамасыз етеді.

10.3. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Басқармадан Қоғамдағы істің жағдайы мен Қоғамға қатысты ұйымдармен байланысы туралы, сондай-ақ егер ол Қоғамның өзінің жағдайына ықпал ете алатын болса, осы ұйымдардағы істің жай-күйі туралы есепті талап етуге құқылы.

## 11. ҚОРЫТЫНДЫ


11.1. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.



11.2. Осы Ережемен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алу қажет.

11.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын және (немесе) қоғам Жарғысын өзгерту нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары оларға қайшы келсе, Ереженің осы нормалары күшін жояды және Ережеге өзгерістер енгізілген кезге дейін Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және (немесе) Қоғамның Жарғысын басшылыққа алады.



	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАК	Бірінші басылым
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАК Басқармасы туралы ереже	11 бет 9-дан

1 қосымша

«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАК

**СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ БЮЛЛЕТЕНІ**

<b>«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАК Басқарма мүшесі туралы мәліметтер (бұдан әрі-Басқарма мүшесі)</b>	
Тегі, аты, әкесінің аты	
Байланыс телефоны	
<b>Қоғам туралы мәліметтер</b>	
Қоғамның толық атауы және қоғамның атқарушы органының орналасқан жері	
Шақыру бастамашысы	
Басқарманың сырттай отырысының күн тәртібі	
Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні	
Сырттай дауыс берудің жабылу күні	
Сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды санау орны	

**1.Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша:**

«Келісемін»	«Қарсымын»	«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»	Ескертпе

(ДАУЫС БЕРУДІҢ ҰҚТИМАЛ НҰСҚАЛАРЫНЫҢ БІРІНЕ ҚОЛ ҚОЮ ҚАЖЕТ)

**2.Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша:**

«Келісемін»	«Қарсымын»	«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»	Ескертпе

(ДАУЫС БЕРУДІҢ ҰҚТИМАЛ НҰСҚАЛАРЫНЫҢ БІРІНЕ ҚОЛ ҚОЮ ҚАЖЕТ)





«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ

Бірінші басылым

«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ  
Басқармасы туралы ереже

12 бет 9-дан

**2 қосымша**

Мен \_\_\_\_\_

*(Басқарма отырысына қатыспау дәлелді себеб)*

күн тәртібіндегі мәселелермен танысып, келесі дәлелді қорытынды беремін:

**Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша дәлелді қорытынды**

---

---

---

---

---

---

---

**Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша дәлелді қорытынды**

---

---

---

---

---

---

---

**Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша дәлелді қорытынды**

---

---

---

---

---

---

---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ****«ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Қоғамның толық атауы және  
қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: нақты мекен-жайы

Отырысты өткізу күні, уақыты және орны:

Басқарма - мүшелері қатысты:

Қатыспаған Басқарма-мүшелері:

Басқарма отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікірімен жазбаша  
хабарламалар ұсынылды:

Кворум туралы ақпарат:

Басқарма Төрағасының –ректорының "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ г. № \_\_\_\_\_ бұйрығына сәйкес  
хатшының функциялары \_\_\_\_\_ жүктелген

Шақырылғандар:

Күн тәртібіндегі сұрақтар:

1. бірінші сұрақ
2. екінші сұрақ

Басқарма күн тәртібін қарап, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: шешімді тұжырымдау

**Дауыс беру қорытындысы**

«Келісемін» \_\_\_\_\_ дауыс

«Қарсымын» \_\_\_\_\_ дауыс

«Қалыс қалды» \_\_\_\_\_ дауыс


Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз сөйлегендер

Қарау қорытындысы бойынша басқарма шешім қабылдады:

Дауыс беру қорытындысы

«Келісемін» \_\_\_\_\_ дауыс



 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылым
	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Басқармасы туралы ереже	14 бет 9-дан

«Қарсымын» \_\_\_\_\_ дауыс

«Қалыс қалды» \_\_\_\_\_ дауыс

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз сөйлегендер

Қарау қорытындысы бойынша басқарма шешім қабылдады:

**Дауыс беру қорытындысы**

«Келісемін» \_\_\_\_\_ дауыс

«Қарсымын» \_\_\_\_\_ дауыс

«Қалыс қалды» \_\_\_\_\_ дауыс

Отырыстың жабылу уақыты:

Басқарма Төрағасының аты-жөні: жеке қолы

Төрағалық етушінің аты-жөні: жеке қолы  
(Төраға болмаған жағдайда)

МО

Басқарма Мүшелері:

Хатшы:

